



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№10 (1968) 26 НАУРЫЗ 2025 ЖЫЛ

АҚШ Конгресі Өкілдер палатасы делегациясы ҚазҰУ-ға келді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының мүшесі Кэрл Миллер бастаған делегация арнайы келді.

ның қызметімен таныстырды.

Алдымен меймандар ҚазҰУ мұражайын аралап көріп, ҚазҰУ-дың тарихы туралы мәлімет алды.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың АҚШ ЖОО-ларымен серіктестігі қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. Қазіргі таңда оқу ордасы Американың 19 университетімен әріптестік байланыс орнатқан. ҚазҰУ

2014 жылы Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңестермен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Аталған келісім аясында бүгінге дейін «Флагман» бағдарламасы арқылы 120-дан астам және RLASP бағдарламасы бойынша 300-ден астам америкалық студент қабылданған. Ал академиялық және ғылыми зерттеу қызметін жүргізу үшін университетке АҚШ-тан төрт профессор келіп, дәріс берді.

Кейін делегация мүшелері Фараби кітапханасында болып, Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығына арналған музейді көрді.

Сапар барысында АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының мүшесі Кэрл Миллер ҚазҰУ студенттерімен және АҚШ-тан келіп білім алып жатқан жас тәрмен әңгімелесті.

Жалғасы 2-бетте



Рухани байланысты нығайтатын мейрам

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Бостандық ауданының Тұңғыш Президент саябағында өткен Наурыз мейрамына қатысты.

елдік қонақтар және Бостандық ауданының тұрғындары атсалысты. Университет ректоры барлық қонақтар мен қатысушыларды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, Бостандық ауданы Алматы қаласының жүрегі болып табылатынын және елдің іскерлік-мәдени орталығы ретінде ерекше орын алатынын атап өтті.

Жалғасы 2-бетте



Құрметті қонақтарды университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, жоғары оқу орны-



3-бет

Судың сапалық құрамын зерттейміз



4-бет

Әділ ҚҰСМАНҒАЗИНОВ:
Қазіргі жастар өте сауатты



5-бет

Бейбарыс сұлтан және Алтын Орда



АҚШ Конгресі Өкілдер палатасы делегациясы ҚазҰУ-ға келді

Соңы. Басы 1-бетте

«Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары – сенімді серіктес. Дипломатиялық қарым-қатынас орнағаннан бастап бүгінге дейін түрлі сала бойынша келісімдер жасалып, ортақ жобалар жүзеге асты. Болашақта да екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық нәтижелі жалғасатынына сенімдімін», – деді Кэрролл Миллер.

Сондай-ақ құрметті қонақ саясаттағы әйелдердің рөлі, АҚШ пен Қазақстан арасындағы парламентаралық ынтымақтастықтың болашағы, екі мемлекет арасындағы ғылым және жоғары білім саласындағы байланыстың қарқыны турасында білім алушы жастардың сұрағына жауап берді.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Соңы. Басы 1-бетте

Ол – Алматының оңтүстік-шығысында орналасқан және қаланың ең ірі орталық аудандарының бірі, онда тұратын халық саны – 335 456. Ауданда 63 білім беру ұйымы, оның ішінде 34 мемлекеттік және 29 жекеменшік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Сонымен қатар 11 жоғары оқу орны және 16 орта арнаулы оқу орны бар, онда 88 483 студент оқиды. Олардың ішінде ең ірі жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Университет өзінің 90 жылдық тарихында қазақ білімі мен ғылымының дамуына баға жетпес үлес қосты және еліміздің жоғары білімі мен ғылымының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін бар күшін салуда.

Қазіргі уақытта университетте 5000-нан астам про-

Рухани байланысты нығайтатын мейрам



фессор-оқытушы мен қызметкерлер жұмыс істейді, ал білім алып жатқан жастар саны

29 мыңға жуық. Іс-шараның ресми бөлімінен кейін университеттің талантты студенттері

дайындаған концерт өтті. Көрермендер қазақ мәдениеті мен дәстүрлерінің байлығын бейнелейтін музыкалық нөмірлерді, би қойылымдарын және театрландырылған қойылымдарды тамашалады. Наурыз мейрамы тек көктем мерекесі ғана емес, сонымен қатар барлық ұлттар мен ұлыстар арасындағы бейбітшілік пен рухани байланысты нығайтатын, сондай-ақ мәдени дәстүрлермен алмасуға ықпал ететін маңызды оқиға болды. Мереке соңында барлық қатысушылар дәстүрлі ұлттық тағамдардан дәм татты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Жатақхана салуға уағдаласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Tirrena Costruzioni құрылыс компаниясының өкілдерімен кездесу өткізді.

лап, екіжақты меморандумға қол қойды.

Келісім аясында компания есебінен қалашықта 2400 орынға арналған жатақхана бой көтереді.

Кездесу барысында оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші даму жоспарын таныстырды.

Өз сөзінде Tirrena Costruzioni құрылыс компаниясының өкілдері серіктестік шеңберінде салынатын жатақхананың құрылысы сапалық болатынын және білім алушы жастардың игілігі үшін барлық жағдай қарастырылатынын атап өтті.

Келіссөз соңында тараптар құрылысқа қатысты құжаттарды жан-жақты пысықтауды және арнайы жұмыс тобын құруға уағдаласты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Делегация құрамында компанияның бас менеджері Ваккаро Серджио, менеджер Касо Андреа, инженерлік-техникалық бағытындағы директор Мастантуони Альфонсо, Италия – Қазақстан сауда палатасының президенті Джулио Амануччи, «Terrena Kazakhstan» ЖШС бас директоры Александр Кабилов бар.

Жүздесуде тараптар ҚазҰУ қалашығында жатақхана салу мәселесін талқы-



Ораза тұтқан жандарға ауызашар берілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен Рамазан айында ораза тұтқан жандарға ауызашар берілді.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жиналған қауымды қасиетті Рамазан айымен құттықтады.

Өз кезегінде зиялы қауым өкілдері мен ардагер оқытушылар ҚазҰУ басшылығына ризашылығын жеткізіп, университеттің ғылым мен жоғары білім саласындағы ауқымды істеріне тілектестігін білдірді.

Ауызашар дастарханына зиялы қауым өкілдері, оқу ордасының ардагер оқытушылары, ақсақалдар, ғалымдар, оқытушы-профессорлық құрам мен қызметкерлер жиналды.

Света
ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Су – тіршілік көзі. Қай заманда да өмір нәріне деген сұраныс жоғары болған әрі жыл өткен сайын тапшылық арта түсуде. Сондықтан ауызсуды тұтыну мәселесі қазір жаһандық мәселеге айналды.



зерттеулердің нәтижелеріне, жерүсті және жерасты суларының сапасын бақылау және модельдеу деректеріне сүйене отырып, зертхана су сапасын жақсарту, сондай-ақ ластанудың алдын алу бойынша ұсыныстар мен стратегияларды ұсынады.

Зертхана жетекшісі Людмила Павличенконың пайымынша, зерттеу орталығының мақсаты – көпөлшемді статистикалық және аналитикалық математикалық модельдерді қолдану негізінде жерасты және жерүсті суларының сапалық құрамының динамикасын бағалау және болжау жұмыстарын жүргізу. Профессордың



Судың сапалық құрамын зерттейміз

параметрлерін талдап бағалайды.

2. Антропогендік факторлардың әсерін бағалау: өнеркәсіптік кәсіпорындар мен коммуналдық шаруашылықтың тазартылған ағынды суларының төгінділері, ауылшаруашылық аймағы және мал шаруашылығы объектілерінің суармалы суларын дренаждау және т.б. антропогендік қызметтің су сапасына әсерін зерттейді.

3. Су сапасының өзгеру динамикасын модельдеу: тазартылған ағынды суларды сұйылтудың немесе ластанған жерасты суларын ағызудың математикалық модельдерін қолдана отырып, зертхана өзен ағыны бойындағы су сапасының өзгеруін болжайтын модельдер жасайды.

4. Көпөлшемді статистикалық модельдерді пайдалану негізінде анықталған үдеріс қарқындылығының аумақтық динамикасының картасын құрап, нақты өлшенетін шоғырлану және су сапасы көрсеткіштерінің құрамын қалыптастыратын табиғи және антропогендік үдерістерді анықтау.

5. Су сапасын жақсарту шараларын әзірлеу: далалық



айтуынша, модельдердің нәтижесі су экожүйелерінің экологиялық тұрақтылығын арттыруға, сонымен бірге су ресурстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған су сапасын басқару әдістерін әзірлеуді қамтамасыз етеді.

ЗЕРТХАНАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Су ресурстарының сапалық құрамы бойынша бастапқы деректерді дайындау (ластану параметрлері, ластану көздері, су нысандарының ағымдағы жай-күйі туралы деректер).

2. Зерттеу нысанында су ресурстарының химиялық құрамына талдау жүргізу.

3. Жерүсті су ресурстарын мультиспектрлі түсіруді орындау және ортофотоплан жасау.

4. Су ресурстары сапасының кешенді көрсеткіштерін анықтау және ластанудың ықтимал көздерін және жерасты суларымен өзара әрекеттесу сипатын талдау.

5. Жерүсті суларының сапа-



сын қалыптастырудың математикалық әдістерімен анықталған процестердің қарқындылығының аумақтық динамикасының карталарын құру.

ЖАБДЫҚТАР ЖАЙЫНДА

Зертханада зерттеу жұмыстарын орындау кезінде мынадай жабдықтар пайдаланылады: су сапасын талдаудың портативті зертханасы; далалық химиялық бақылаудың

«УКВ-2» зертханасы; ұшу аппараты (DJI Mavic 3 multispectral квадрокоптері) және т.б. Сонымен қатар зертханада қазіргі уақытта су ресурстарының сапасының өзгеруінің табиғи және антропогендік факторларын анықтауды және олардың әсер ету қарқындылығын аумақтық бөледі қамтамасыз ететін негізгі компоненттердің түрін құрай отырып, көпөлшемді статистикалық-компоненттік талдаудың толық моделі жаңа заманауи деңгейге ауыстырылуда. Зертхана су ресурстарының құрамына түрлі ластану заттар қалай әсер етеді, сол мәселені талдап, оның деңгейін анықтайды. Бұл қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін бағалауға, сондай-ақ экожүйелерге кері әсерді азайту үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижелерін пайдалану халықтың денсаулығын қорғауға, инфекциялардың су арқылы таралуына жол бермеу мақсатында жан-жақты шара қабылдауға ықпал етеді. Зертханалық деректер мемлекеттік органдарға, оның ішінде жергілікті атқарушы мекемелерге су ресурстарын пайдалануға қатысты шешім қабылдауға жол ашады. Су ресурстарын тазартып, қорғау жөніндегі қосымша шараларды енгізу қажеттігін анықтауға көмек береді.

Тағы бір айтарымыз, зертхана ТДМ-ның 6-шы, яғни «Таза су және санитария» талаптарына сәйкес, судың сапасын бақылау мен басқаруды жақсарту үшін инновациялық әдістер мен модельдерді әзірлеп қолдану арқылы қол жеткізе алады. Өз кезегінде су экожүйелерін әрі сақтауға, әрі қалпына келтіруге ықпал етеді. Компоненттік (факторлық) талдаудың толық моделін жүзеге асыратын инновациялық бағдарламалық кешенді әзірлеу барлық статистикалық кешендермен салыстырғанда нақты табиғи және антропогендік процестерді және олардың су ресурстарының сапасын қалыптастырудағы көрінісінің қарқындылығын бағалауға жағдай жасайды. Мұнда факторлық (компоненттік) талдау моделі бақылау нүктелері бойынша бастапқы параметрлер мәндерінің таралуын есепке алмайтын өзіндік мәндер мен меншікті векторларды ғана анықтаумен шектеледі. Когнитивті модельдеуде мұндай шектеулі үлгілерді пайдалану басқару шешімдерін қабылдау барысында қателіктерге ұрындыруы ықтимал.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

1. Сіздіңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» қандай болуы керек, қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма, сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда қандай жетістіктеріміз бар?
4. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шыға ма?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?

ӘДІЛ ҚҰСМАНҒАЗИНОВ,

PhD, биология және биотехнология факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы:

Қазіргі жастар өте сауатты



негізгі міндеті. Біздің биология және биотехнология факультетінің түлектері республикалық деңгейде ғана емес, шетелде де өте танымал тұлғалар. Білікті маман даярлауда университетіміз білім алушыларға лайықты жағдай жасап жатыр. Магистранттар мен докторанттар үшін оқу бағдарламасы аясында ғылыми тағылымдама қарастырылған. Соның нәтижесінде білім алушыларымыз шетелдің үздік

ЖОО-лары мен FЗИ-ларда біліктілігін арттырып жатыр.

4. Жастардың қазіргі білім деңгейі өте жоғары деп ауыз толтырып айта аламын, себебі өзім осы аталған санатқа жатамын. Қазіргі жастар әлемдік технологияларды күнделікті өмірінде қолданып, ақпараттық ресурстар арқылы қарқынды дамып отыр. Қазіргі таңда елімізде жастарға көптеген мүмкіндіктер ашылуда. «Болашақ», Erasmus+ бағдарламалары және Coursera сияқты платформалар арқылы жастар әлемдік деңгейде білім алады. Қазіргі жастар мемлекеттік деңгейдегі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Үздік ғылыми қызметкер» сияқты ауқымды байқауларға қатысып, жеңімпаз атанып жатыр. Бұл жастардың білім деңгейінің жоғары екенін көрсететіні анық.

5. Қазіргі таңда қоғамның сауатсызданып бара жатқаны туралы пікірлер жиі айтылады. Бірақ мен осы көреғар пікірмен келіспеймін. Бүгінгі таңда жастардың білім мен ғылымға деген қызығушылығы басым, сыни тұрғыдан ойлайтын, тілдерді қиындықсыз үйренетін жастар артып барады. Жоғары оқу орнында білім алушылар бакалавр дәрежесін алғаннан кейін магистратура, докторантурада білімдерін жалғастырып, ғылыми жұмыстарын жасап жатыр. Білім, ғылым, мәдениет саласында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Бұл сауатты қоғамның негізгі алғышарты екені даусыз.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Медициналық-педагогикалық қолдау: инклюзивті білім берудің тиімді жолы

ҚазҰУ-да 2020 жылы «Инклюзивті білім беруді медициналық-педагогикалық сүйемелдеу» бағдарламасы жүзеге асып, осы мамандық бойынша оқуға түлектер қабылдана бастады. Мамандық қазіргі білім беру жүйесіндегі ең маңызды бағыттардың бірі. Инклюзивті білім беруді медициналық-педагогикалық сүйемелдеу ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды түсініп қана қоймай, оларды дамыту үшін қолың орта құруға бөлсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Медициналық-педагогикалық қолдау медицина, педагогика және психология салаларындағы білімді біріктіреді. Ол арқылы біз балалардың физикалық және психологиялық жағдайын талдап түсінуді, жеке білім беру маршруттарын әзірлеуді және әр балаға жақсы жағдай жасау үшін мұғалімдермен және ата-аналармен ынтымақтастықты үйренеміз.

Медициналық-педагогикалық сүйемелдеу балаларға көмек беріп қана қоймай, сонымен қатар әр баланың білім алуға және лайықты болашаққа құқығы бар инклюзивті қоғамның дамуына нақты үлес қосуға жол ашады. Сонымен қоса оны қоршаған барлық адамдарды – мұғалімдерден бастап, сыныптастарына дейін осы процеске тарту маңызды.

Осы мамандық бойынша оқу көптеген ерекше сабақтармен таныстырады және де көп түрлі бағытта (практикалық) білім алуға мүмкіндік туғызады. Инклюзивті білім беруді медициналық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасының үйлестірушісі – ҚазҰУ-дың педаго-



гика ғылымының докторы Анар Бекетбайқызы. Жан-жақты медициналық білімнің қалыптасуына Санжар Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың білім беру бағдарламалары үлкен септігін тигізеді. «Балалық шақтағы функционалды (невротикалық) бұзылулар», «Жүйке жүйесі ауруларымен жүргізілетін медициналық оңалту жұмысы» дисциплиналары бойынша ҚазҰМУ доценті Гүлнар Мұхамбетова сабақ жүргізді. Бұл сабақтардан ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін мектептерге сәтті біріктірудің маңызы және басқа да көмек жүйесі әр баланың өз әлеуетін жүзеге асыра алатын жағдайларды жасауға бағытталған медициналық және педагогикалық аспектілерін анықтай отырып, жаңа технологиялар бойынша сабаққа балаларды қалай кіріктіруге болатынын білдік. Сондай-ақ медициналық-педагогикалық қолдаудың құрылымы мен функцияларын, осы процеске қатысатын мамандардың негізгі міндеттерін қарастырдық.

Инклюзивті білім барлық балаларға физикалық, интеллектуалдық немесе эмоционалдық ерекшеліктеріне қарамастан, тең мүмкіндіктер беруге бағытталған. Бұл басқа оқушылармен тең дәрежеде жалпы білім беру проце-

сіне ерекше білімді қажет ететін балаларды қосуды білдіреді. Алайда инклюзивті тәжірибені сәтті жүзеге асыру түрлі профилдегі мамандардың кешенді қолдауын қажет етеді. Медициналық-педагогикалық сүйемелдеу ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға да, олармен жұмыс істейтін мұғалімдерге де қажетті көмекті қамтамасыз етеді.

Қорыта келе айтарымыз, медициналық-педагогикалық сүйемелдеу – инклюзивті білім беруді табысты іске асырудың ажырамас бөлігі. Ол арқылы ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға кешенді қолдау көрсетеді, олардың білім беру ортасына интеграциялануына ықпал етеді және үйлесімді дамуына жағдай жасайды. Болашақта осы мамандықты дамыта отырып, дәрігерлер, педагогтар мен психологтар арасындағы өзара іс-қимыл белсенді жүзеге асып, әр баланың дамуына бағытталған инклюзивті оқытудың тиімді жүйесін құруда үлкен септігін тигізеді.

Анар МҰҚАШЕВА,
педагогика ғылымының докторы

Әсел ДАРХАН,
«Инклюзивті білім беруді медициналық-педагогикалық сүйемелдеу» оқу бағдарламасының 2-курс магистранты

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы факультет пен кафедраның 40 жылдық мерейтойына орай, халықаралық ынтымақтастық аясында ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының өкілдері шетелдік студенттермен кездесу өткізді.

Кездесуге Алматы қаласындағы Қытай Бас консулдығының консулы Лу Чжэньюй, консул-атташе Лю Чуньюй, консул-атташе Лю Цыси, консул-атташе Линь Чэньсинь және кафедраның оқы-

Шетелдік студенттермен кездесу



тушылары, орыс-қазақ тілдерін оқып жүрген Қытайдан келген студенттер қатысты.

Жиында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Спатай Алтынбекұлы құттықтау сөзінде кафедраның, факультеттің тарихы, ғылыми, әдістемелік, тәрбиелік жұмыстарымен таныстырып өтті. Кездесу бары-

сында қатысушылар баяндама жасап, өз ойымен бөлісті. Сонымен бірге студенттер де өз сұрақтарына жауап алды, білім, ғылым саласындағы екіжақты әріптестік талқыланды.

Айгүл СӘДЕНОВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті

Таққа Ал-Малик-аз-Захир Рукн ад-дунийя ва-д-дин Бейбарыс ал-Бундук-дари ас-Саих атағымен отырған Бейбарыс патшалығы уақытында Мысыр мен сол тарихи кезеңде Қазақстан аумағы тұтас бір бөлігін құраған Алтын Орда-ның жақындасуы басталды.



Хулайиддың (ұлы қаған) Хулауге арнаған жерлер болатын, Иран және қыпшақ билеушілерінің арасындағы соғыстың басталуына өз әсерін тигізбей қойған жоқ», – деп жазды Хаммер-Пургшталь.

Қазақ зерттеушілері Берке ханның ислам дінін қабылдауын былайша сипаттайды: «Берке хан Алтын Орда мемлекетінің тағына отырғаннан кейін ислам дінін жалпы мемлекеттік идеологияға айналдыруға күш салуы Алтын Орда мемлекетін біріктіретін басты фактор ретінде пайдаланбақ болған әрекеті деп түсінген дұрыс». Осындай жағдайда Берке хан Алтын Орда тағына отырысымен ұлыстарды билеуші Жошы ұр-

дік тудырды». Берке хан және оның ізбасарлары мамлюк сұлтандарының Алтын Ордамен достық қатынастарға мүдделілігін түсінді және дұрыс бағалай білді. Оның Бейбарыс сұлтанға жолдауы, мүмкін, осы жағдайлармен түсіндірілетін шығар. 1263 жылы Берке хан елшілері теңіз арқылы Александрияға келіп жетеді. Сұлтан елшілерді қамалда қабыл алады. «Берке ханның хаты сол жерде оқылады. Мазмұны – сәлем мен ризашылық білдіру. Хулауге қарсы көмек сұрайды. «Мен және менің төрт бауырым ислам шырағын орнату үшін, тура жолды бұрын болған қалпына келтіру үшін, имамдар

Бейбарыс сұлтан және Алтын Орда



келуін қамтамасыз ету болады. Осы мақсаттарды орындау үшін Байбарыс Алтын Орда хандарымен, елшіліктермен алмасады». Ал қазіргі ғалымдардың басқа тобы мемлекеттердің жақындасуы себептерін Алтын Орда мен Мысыр және көптеген басқа мемлекеттер арасындағы қатынастар билеуші династиялардың Алтын Ордадағы «қыпшақтар көпшілігімен» туысқандық белгілері арқылы түсіндіруге бейім. «Шынында да, аль-Омари атап көрсеткендей, мамлюк сұлтандары өздерінің туыстарына іш тартады және олардың Мысырға көптеп қоныстанып, жан-жағынан қорған болуын қалайды» деген де әңгіме әскерді жасақтаудағы мүдделілік туралы болып отыр. Ал Алтын Ордамен ынтымақтастық мәселесі одан да зор себептермен түсіндірілуі тиіс деп санайды. Оның пайымдауынша, моңғол Хулагумен соғысқа бекінген мысырлық қыпшақтар көп ұзамай моңғол Берке сияқты тұлғаның өздеріне одақтас болып шыққанына көздері жетті. Хулагумен шиеленіс соғыс фазасына өткен кезде мұсылман Мысыр Беркенің табиғи одақтасы болып шыға келді. Бұл одақта, тарихшының пайымдауынша, Мысыр сұлтандарының туыстығы мен тегі ең соңғы рөлді атқарған болатын. Ал бірінші орынға «менің жауымның жауы – маған дос» принципі және Берке ханның діндарлығы шыққан еді.

Еуропалық автор Хаммер-Пургштальдың пікірі бойынша, ислам идеологиясының әсері Алтын Орда мен Иранның қақтығысына алып келді. Себебі Хулагу Беркенің мұсылман әлеміндегі беделіне қызғаныш сезіммен қараған еді. «Беркенің Сирия және Мысырдың ішкі істеріне араласуы, ол аумақтар

пақтарының билігін шектеп, оларды тікелей бір орталыққа бағындыру мәселесін қолға алады. Әр ұлыста оңдық, жүздік, мыңдық, онмыңдық тұрақты әскери-саяси ұйымдар құрылды. Олар мемлекеттің ішкі бірлігін нығайтуға тиіс болды деп қорытындылайды.

Берке хан тұсында ислам дінінің саяси ықпалының өсуіне қазақ ғалымы Қ.Зардыхан назар аударады: «Берке 1257-1266 жж. аралығында Жошы ұлысында тоғыз жыл билік құрды. 1) Мұсылман елдерімен жан-жақты қарым-қатынас жасау арқылы Қыпшақ даласына мұсылман діні дендеп кіруіне мұрындық болды. 2) Алғаш рет салық реформасын жүргізді. 3) Ел астанасын Еділді бойлай көшу арқылы Еуразия мәдениетінің аражібін жалғады, шығыс пен батысты араластыруға мүмкін-

мен үмбеттің кегін алу үшін онымен барлық бағыттарда соғыстық», – дейді. Сонымен қатар Хулагудың жолын бөгеу үшін Байбарыстан Евфрат маңына әскер жіберуді сұрайды. Мысыр мен Алтын Орданың жақындасуының алғашқы кезеңінде бұған мейлінше мүдделі жақ Мысыр болған сияқты. Мамлюк сұлтандары Алтын Ордамен көмегімен өздерінің Азиядағы иеліктерін кеңейте түсуге тырысты. Хулагуидтер мемлекетінің одан әрі күшеюі Мысыр үшін қатерлі еді, себебі Иран өз аумағын ең бірінші кезекте Сирия және Мысыр есебінен кеңейтуді ойластырды. Мамлюк сұлтандарының Алтын Орда мен Хулагуидтер билеушілері тұрақты түрде жауласу жағдайында болғанын қалап, соған ұмтылғандары туралы және мұның өзі Иранның сириялық майданнан аластау үшін жасалғаны жөнінде ортағасырлық тарихшылар ал-Макризи мен ибн-Халдун хабарлайды.

Тарих ғылымында аталған екі мемлекеттің жақындасуы себептері мәселесі едәуір зерттелген, дегенмен осы уақытқа дейін бірқатар даулы, шешімін күтіп тұрған мәселелер бар. Оған Алтын Орда және мамлюктік Мысыр жақындасуының діни, династиялық себептерін атауға болады.

Тарих ғылымында аталған екі мемлекеттің жақындасуы себептері мәселесі едәуір зерттелген, дегенмен осы уақытқа дейін бірқатар даулы, шешімін күтіп тұрған мәселелер бар. Оған Алтын Орда және мамлюктік Мысыр жақындасуының діни, династиялық себептерін атауға болады.

Зере МАЙДАНАЛИ,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.



Хулагуидтер мен Жошы династияларының (әулетінің) арасындағы қақтығыстардың себептері туралы мәселе тарих ғылымында жиі көтеріліп жүргені белгілі. Мамлюктік күшті шекаралас көршісі Хулагуидтер мемлекетінің болуы Мысыр билігіне қатер төндірген болар еді. Сондықтан олардың бар күш-жігері екі моңғол мемлекеті арасындағы шиеленіс пен жауласуды ушықтыруға бағытталған болатын. В.В.Бартольд Хулагуидтер мен Жошы ұрпақтары арасындағы соғыстардың мынадай себептерін атап көрсетті: «Жошылықтардың Арран мен Әзірбайжанға көз алартуы; Хулагу мен қатынастардағы Беркенің өзімшіл, менмендігі, Жошы ханзадаларының Ирандағы өлімі (улады деген ой болды); мұсылман Беркенің ислам дініндегілердің қорғанышы екенін жариялауы. Зерттеуші Салих Закировтың пікірінше, туыстарын өлтіру, «исламды қорғау», табысты бөлу кезіндегі дау-дамай осыншама ұзаққа созылған жауласудың тек қана жанама себептері болғанын айтады. Ал жауласудың негізгі себебі, тарихшының айтуы бойынша, Әзірбайжан және Грузия аумақтары еді. Себебі Шыңғыс ханның өсиеті бойынша Алтын Орда хандары оларды өз ұлыстарының бір бөлігі деп санады.

Әзірбайжан мен Грузияның жағрафиялық жағдайы, табиғи байлықтары және климатының ерекшеліктері Жошы ұрпағының да, Хулагуидтердің де қызығушылығын туғызды. Мемлекеттер арасындағы соғыс Беркенің Хулагуға дипломатиялық жолмен әсер ету әрекетінен басталды. Тарихи әдебиетті сараптау нәтижесі көрсеткендей, Алтын Орда мен Мысырдың жақындасуы және одақтасуының негізгі себебі Жошы ұрпағының да, Хулагуидтер арасындағы шиеленіс болған. Алтын Орда мен Мысыр жақындасуының тағы бір маңызды факторы ретінде Хулагуидтердің Сирияға басқыншылығын атауға болады.

Заманауи зерттеушілер Алтын Орда мен мамлюктік Мысыр арасындағы тығыз дипломатиялық және әскери қатынастардың тағы бір себебі ретінде Мысырдың билеушісі Бейбарыстың түркілік тегін алға тартады. «Сұлтан Байбарыс туған жұрты Алтын Ордамен тікелей дипломатиялық байланыс орнатуға ерекше маңыз берді. Оның себебі, араб тарихшылары көрсеткендей, тек Хулагу иеліктеріне қарсы әскери одақ құру ғана емес, туған жерімен байланыс орнату, өз ұлтының ұлдары мен қыздарының Мысыр жеріне

Наследие ученого



Курманалиев К.А., академик НАН РК, д.ф.н. профессор, член Национального курултая при Президенте РК и Сейтбекова А.А., заведующая отделением истории языка и тюркологии Института языкознания имени А. Байтурсынова, кандидат филологических наук.

В научной части программы семинара прозвучали доклады казахстанских ученых и состоялась презентация книги «Шора Сарыбай: мир филолога» (авт. М.Ш. Сарыбай), которая была издана к 100-летию ученого. Свой доклад Майра Шораевна Сарыбай, профессор кафедры «Методология научных исследований» Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай-хана, посвятила теме «Роль архива КазНУ в реконструкции биографии филолога и лингвиста Ш.Сарыбаева (1893-1958)». Большой интерес вызвало выступление президента ОФ «Turk Tengri» Е.Еспенбетова и председателя совета

ОФ «Turk Tengri» Г. Алиаскарова.

Согласно повестке программы, посвященной 30-летию Ассамблеи народа Казахстана, прозвучал доклад М.Шаймерденовой, к.и.н. профессора, академика МАИН, члена АНК, члена НЭГ АНК, профессора кафедры «История Казахстана и социальные науки» КазНА искусств им. Т.Жургенова. Ассистент-профессор Astana IT University, старший научный сотрудник НИИ тюркологии и алтаистики КазНУ Джемма Аманжолова представила доклад «Ш. Сарыбаев и О.А. Султанияев о научном наследии Ш. Уалиханова». Доктор филологических наук, доцент, заведующая «Лабораторией рукописей» НИИ тюркологии и алтаистики КазНУ Улжан Мусабекова выступила с докладом «Роль и значение деятельности Ш. Сарыбаева в кодификации казахского языка».

Адия КАИРЖАНОВА,
докторант КазНУ
Ирада НУСРЕТИЛЛАЕВА,
магистрант КазНУ

В Библиотеке Аль-Фараби состоялся научно-практический семинар «Язык культуры и культура языка: наследие ученых». Это значимое событие было приурочено к 100-летию выдающегося ученого-лингвиста Шоры Сарыбаева, а также к 30-летию Ассамблеи народа Казахстана. Организатор семинара – Научно-исследовательский институт тюркологии и алтаистики.

Открывая мероприятие, модератор – д.ф.н. профессор кафедры русской филологии и мировой литературы КазНУ, исполнительный директор НИИ тюркологии и алтаистики Нурсулу Шаймерденова – представила участников и гостей, обозначила цель мероприятия, отметила важность изучения архивов ученых. В этой связи особую значимость представляет личный архив Шоры Шамгалиевича Сарыбаева, который в 2023 году передала в дар КазНУ его дочь – Майра Шораевна Сарыбай. С приветственным словом выступил проректор по социальному развитию КазНУ Суатай С.К. Он отметил заслуги академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора, заслуженного деятеля науки Казахстана, филолога-тюрколога и педагога Шоры Сарыбаева. С поздравлением в честь 100-летия профессора Шоры Сарыбаева выступили

Вызовы времени требуют, чтобы в медийной политике наше государство уделяло больше внимания укреплению положительного имиджа страны за рубежом, что под силу не только дипмиссиям Казахстана, но и журналистам, специализирующимся на международных отношениях. КазНУ имени аль-Фараби является одним из ведущих образовательных центров, готовящих профессиональных международных журналистов. Программа обучения включает курсы по мировым медиа-системам, международному праву, политической журналистике, цифровым технологиям и межкультурной коммуникации. Подготовка ориентирована на формирование специалистов, способных объективно освещать мировые события, бороться с дезинформацией.

Журналисты и государственный протокол

Специализация готовит студентов к профессии журналиста-международника. Лучшие выпускники получают возможность работать в президентском пуле журналистов, освещающих деятельность Главы государства, его поездки и визиты. Кроме того, они могут стать собственными корреспондентами Международного информационного агентства «Казинформ», телекомпаний «Хабар» и других СМИ за рубежом. В повседневной журналистской деятельности они часто взаимодействуют с официальными лицами, дипломатами и представителями власти, освещая государственные визиты, международные саммиты и переговоры. Поэтому важно включить в число базовых дисциплин для будущих журналистов-международников курсы «Государственный протокол» и «Официальная корреспонденция», так как знание норм протокола и языка дипломатии позволяет журналистам учитывать нюансы межгосударственных отношений, помогает избегать ошибок при общении с важными источниками информации.

Журналисты-международники и дипломаты представляют лицо страны, поэтому владение казахским языком для них является вопросом государственной важности. В связи с этим в русскоязычных отделениях специальности такие актуальные дисциплины, как «Государственный протокол» и «Официальная корреспонденция», необходимо преподавать на казахском языке. Например, госпротокол, как система норм и правил, регулирующих официальные отношения и взаимодействия между государственными органами, зарубежными партнерами и представителями разных стран, требует особого внимания в контексте казахского языка, который, как государственный, должен использоваться в различных сферах жизни, включая международную информацию. Также стоит отметить, что успешное внедрение курса государственного протокола на казахском языке

поможет создать предпосылки для формирования нового поколения профессионалов-журналистов, которые будут владеть как языковыми, так и протокольными компетенциями. Это поможет им построить карьеру в таких сферах, как государственная служба и дипломатия.

В центральном аппарате внешнеполитического ведомства Казахстана и его зарубежных дипмиссиях делопроизводство ведется на государственном языке. Выпускники журфака, работающие в пресс-службе МИД и посольствах, свободно владеют государственным и иностранными языками. Овладению официальным казахским будущим журналистам-международникам способствует курс «Официальная корреспонденция», который охватывает правила и нормы, регулирующие письменное взаимодействие между учреждениями внешнеполитического ведомства. Эта часть работы занимает 80-90% времени дипломатов высших и средних рангов, а составление документов занимает больше половины рабочего времени у дипломатов в посольствах.

Подчеркивая важность указанных дисциплин, необходимо переиздать ранее выпущенные научно-практические издания «Государственный протокол Республики Казахстан» и «Официальная корреспонденция», адаптировав их к требованиям журналистского образования и внося соответствующие изменения в образовательную программу.

В современных реалиях международная информация приобретает все большее значение, а журналисты играют ключевую роль в укреплении взаимопонимания между народами. Только качественное образование позволит им эффективно выполнять свои обязанности и содействовать укреплению демократических ценностей.

Жетписбай БЕКБОЛАТУЛЫ,
доцент факультета журналистики

Лидеры международных правовых конкурсов

КазНУ – это не просто образовательное учреждение, а настоящая кузница талантов, которая воспитывает будущих лидеров в области юриспруденции и международного налогообложения.



В 2024 году студенты КазНУ добились впечатляющих результатов, приняв участие в таких значимых международных конкурсах, как «JurAsia InterTax 2024» и «TaxInTashkent 2024». Эти достижения стали доказательством высочайшего уровня подготовки и профессионализма студентов, а также примером триумфа казахстанской школы права на мировой арене.

«JurAsia InterTax 2024» стал первым судебным конкурсом по международному налогообложению, организованным в Казахстане. Его проведение ознаменовало важную веху в развитии юридического образования страны. Конкурс объединил 179 участников из 10 стран, включая Казахстан, Индию, Россию, Турцию, Малайзию и другие государства. Задания основывались на модельных конвенциях ООН и ОЭСР, что требовало от студентов глубокого понимания международного законодательства. Особое внимание организаторы уделили развитию навыков публичных выступлений и аналитического мышления. Студенты КазНУ не

только продемонстрировали отличную подготовку, но и получили ценные советы от судей и экспертов, которые отметили их профессионализм и творческий подход.

Конкурс «TaxInTashkent 2024», прошедший в столице Узбекистана, стал ещё одной важной вехой для студентов КазНУ. Мероприятие собрало участников из разных стран, предоставив уникальную возможность погрузиться в сложные аспекты трансграничного налогообложения. Организаторы конкурса создали благоприятную атмосферу, начиная с гостеприимного приёма команд в аэропорту и заканчивая детальной организацией каждого этапа соревнований.

Формат судебного процесса требовал от участников глубокого знания международных налоговых соглашений, умения анализировать сложные вопросы и находить нестандартные решения. В напряжённой борьбе команда КазНУ завоевала второе место, уступив лишь студентам Университета мировой экономики и дип-

ломатии из Узбекистана. Судьи высоко оценили профессионализм и настойчивость казахстанских студентов, отметив их аналитические способности и умение аргументированно защищать свои позиции.

Достижения студентов КазНУ демонстрируют их готовность к глобальным вызовам и подтверждают высокий уровень подготовки, предоставляемый университетом. Эти победы являются важным шагом на пути к профессиональному успеху, а также укрепляют имидж Казахстана на мировой арене как страны, способной подготовить конкурентоспособных специалистов в области права. Студенты КазНУ стали настоящими послами своей страны, демонстрируя мировому сообществу потенциал казахстанской молодёжи. КазНУ продолжает вдохновлять и поддерживать своих студентов, создавая условия для их профессионального и личностного роста.

Ляззат НЫСАНБЕКОВА,
PhD, кафедра
международного права

This academic year I was happy to have 2 international students from China in my English class. Throughout the lessons I have been amazed at their enthusiasm, diligence and responsible attitude to their studies. Studying abroad is always a big decision, because the benefits are endless. Once I was interested in the reasons why they chose Al-Farabi University to do their Masters and how they feel here in Kazakhstan- this is Bolat Shakura's story:

A Journey of Discovery: Chinese Student's Experience as an International Student



the biggest hurdle, but I was fortunate to meet kind and supportive classmates who helped me navigate both academic and social life. One of them, Eric, quickly became a close friend. My interactions with people here, even strangers, have been overwhelmingly positive. There is a genuine warmth and hospitality in the way locals treat visitors, often going out of their way to understand and assist me as a foreigner. I really liked very much the

way people celebrate their national holidays. I was really amazed to discover how Nauryz and International Woman's Day were celebrated in Kazakhstan. I was pleasantly surprised to receive flowers from strangers on the street—a gesture that made me feel valued and uplifted.

Life at the university itself has been a mix of challenges and rewards. The academic workload can be demanding, and navigating administrative processes is sometimes tedious. Yet, these hurdles are offset by the vibrant campus life and the support of some engaging professors.

Reflecting on my journey so far, I feel incredibly grateful for the opportunities and friendships I have found here. This experience has been a beautiful mosaic of academic growth, cultural discovery, and personal transformation—one that I will carry with me wherever life leads.

A. A. MULDAGALIYEVA,
*Foreign Language
Department*



Al-Farabi Kazakh National University is 90!

Al-Farabi Kazakh National University (KazNU), one of the leading universities in Central Asia, proudly celebrated its 90th anniversary in 2024. Founded in 1934, KazNU has grown into a symbol of academic excellence, innovation, and cultural heritage in Kazakhstan. Named after the great philosopher and scientist Al-Farabi, KazNU began as a small institution with a few departments and has since evolved into a prestigious university recognized globally.

Over the decades, KazNU has played a crucial role in shaping the intellectual and professional landscape of Kazakhstan, producing numerous leaders, scientists, and cultural figures.

Today, KazNU is ranked among the top universities in the world. Its commitment to research, innovation, and international collaboration has earned it a place in the prestigious QS World University Rankings. The university offers a diverse range of programs across disciplines, attracting students and scholars from all over the world.

KazNU is also a hub for cutting-edge research. It has established partnerships with leading institutions worldwide, fostering exchange programs, joint research projects, and cultural understanding. Its state-of-the-art facilities and dedicated faculty ensure students receive a high-quality education that meets international standards.

Beyond academics, KazNU has been instrumental in promoting the cultural and intellectual heritage of Kazakhstan. Through its various initiatives, it has preserved and disseminated the teachings of Al-Farabi, em-

phasizing the importance of philosophy, science, and ethics in modern society.

The university also takes pride in its contributions to sustainable development. As part of the United Nations Academic Impact program, KazNU actively works on projects related to environmental conservation, social equity, and economic growth.

The 90th anniversary of KazNU is not just a milestone for the university but for the entire nation. As KazNU enters its next decade, it remains committed to fostering innovation, promoting global collaboration, and upholding the values of knowledge and wisdom. The legacy of Al-Farabi continues to inspire the university's mission to contribute to the intellectual and cultural development of Kazakhstan and the world.

The 90th anniversary is a time to honor the past, celebrate the present, and envision a bright future for Al-Farabi Kazakh National University as it continues to shape generations of leaders and thinkers.

**BEKMASHEVA B. N.,
MAKHAROVA**
*Department of Foreign
Languages*

The first-year students of Al-Farabi Kazakh National University have launched a remarkable initiative called the "Generations of Independence" challenge. This event not only celebrates the nation's freedom but also underscores the shared responsibility of preserving and strengthening its sovereignty for future generations.

Generations of Independence: Honoring Kazakhstan's Legacy

stitutions across Kazakhstan and even included participants studying abroad. First-year students from the Kazakh and Russian departments of the Faculty of Physics and Technology at Al-Farabi Kazakh National University took the lead, sending their challenge to all Kazakhstanis.

Behind the success of the event were the dedicated teachers of the Department of Foreign Languages at Al-Farabi Kazakh National University, including Gumarova Sh.B., Isabaeva B.K., Myrzakhmet M.Zh., Utebekova A.S., and Kudaibergenova L.E., Sydyk Perizat Sandibai-kyzy, a teacher at Aktobe Regional University named after Zhubanov. Their guidance and encouragement

inspired students to connect with their heritage and embrace their role as the custodians of independence.

The "Generations of Independence" challenge is a reminder that today's actions shape tomorrow's legacy. By fostering a sense of patriotism and unity, this initiative encourages students to not only honor the past but also build a brighter future. Each participant becomes an ambassador of Kazakhstan's values, inspiring future generations to cherish and protect their independence.

**B. K. ISABAEVA,
M. ZH. MYRZAKHMET,**
*Department of Foreign
Languages*

The "Generations of Independence" challenge highlights the vital role of youth in shaping the future of Kazakhstan. By celebrating independence, students are reminded of their responsibilities: to protect the nation's cultural heritage, promote its development, and strengthen its global standing. Independence is not merely about freedom; it is also a challenge that requires dedication, hard work, and unity.

This patriotic initiative brought together students from various in-

On January 14, 2025, Al-Farabi University students participated in an international TED Talks-style inter-university event entitled 'Does Health Care Lead to Well-being?' at Kazakh-Russian Medical University (KRMU).

KazNU students among the best!

exploring medical, social and psychological perspectives.

More than 30 students from different universities: Kazakh National Women's Pedagogical University, Adilet Graduate School of Law of Caspian University, KIMEP University, Al-Farabi Kazakh National University, ALT University and international students of Kazakhstan-Russian Medical University.

The program included the student presentations; participants were required to give short, visually appealing 5-7 minute presentations, focusing on personal or professional experiences related

to health and wellbeing. Presentations were judged on novelty of the content, use of personal insights, visual design, manner of delivery and overall impression.

9 participants of the TED Talks-style event were awarded Diplomas of the 1st, 2nd, 3rd degrees. Among them were students of our university. The jury and the audience appreciated their deep knowledge in the professional field, excellent English language skills and practical ideas for the introduction of a healthy lifestyle. The presentations of the following KazNU students were noted among the

best ones and were awarded with diplomas and prizes:

Diploma of the 1st degree - Moldanizova Diana, 1st year student. Topic: 'Inequalities in health care: a barrier to well-being'. Supervisor: Manat Jamaldinova, senior lecturer of the Department of Foreign Languages, Associate Professor of the Department of Foreign Languages.

Diploma of the 2nd degree - Akerke Zhakypkazy, 1st year student. Topic: 'The role of psychosomatic health in achieving

well-being: does health care solve the mind-body connection?'. Supervisor: Nadezhda Bershina, senior teacher of the department of languages.

Diploma of the 3rd degree - Zhanerke Zhaksybaykyzy, Topic 'Health care of the future: learning Chinese language for the development of medicine'. Supervisor: Asel Shayakhmet, Associate Professor of the Department of Foreign Languages.

Asel SHAYAKHMET,
*Associate Professor at the
Department of Foreign Languages*
Kulshat ZHYRENSINA,
*Senior teacher at the Department
of Foreign languages*

Қазақ-үнді байланысының

АЛТЫН КӨПІРІ

ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті шығыс елдерімен ғылым, білім және мәдени байланыстардың үздіксіз дамуына өзіндік үлесін қосып келеді. Таяуда Астанадағы Свами Вивекананда үнді мәдени орталығының (SVCC) директоры Санджай Веди мырза Қазақстандағы дипломатиялық қызметінің аяқталуына орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.



Санджай Веди Свами Вивекананда мәдени орталығының басшысы ретінде университетіміздің үндітану бөлімінің ғылыми және мәдени шараларында қазақстандық үндітанушыларды үнемі қолдай отырып, білім беру саласындағы халықаралық байланыстарды кеңейтуге мол ықпал жасады. Соның бірі – шығыстану факультетінде ашылған М.Ганди орталығының жабдықталуына 8 735 000 теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсетті. Сонымен қатар үндітану бөлімінің студенттерін қа-

ұйымдастырып, қаржыландырды. 2023 жылы 14-17 ақпан аралығында Фиджиде өткен Дүниежүзілік хинди конференциясына кафедраның хинди тілі оқытушылары Д.Көкеева, Д.Тайрова, М.Пернеқұлованың іссапар шығындарын қаржыландырып, академиялық кеңістікті арттырды.


2023 жылы мамыр айында ICCR «Хинди Вишва Ятра (Үндістанға сапар)» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған іс-шараға үндітану бөлімінің үш студентін жіберіп, қаржыландырды. Сондай-ақ Үндістандағы Вардха қаласында орна-

тілінде ұйымдастырылған «Еуразия мен Үндістандағы үндітану саласының бүгінгі мен келешегі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының өтуіне үлкен қаржылай қолдау көрсетіп, бұл іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті. Аталған ғылыми-тәжірибелік конференцияға Үндістан, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Армения сынды елдерден 45 қатысушының іссапары Санджай Веди мырзаның атсалысуымен Үндістан үкіметі Ғылым және білім министрлігі тарапынан толықтай қолдау жасалынды.

Қазақстандағы Үндістан Республикасы елшілігі жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығының директоры қызметін атқарған Санджай Веди мырза үнемі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үндітану бөлімінің ғылыми жобаларын қолдап, хинди тілін оқыту және зерттеу жұмыстарын дамыту үшін жаңа идеялар мен бастамаларды іске асырды. Санджай Веди мырзаның басшылығымен Қазақстан мен Үндістан арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту бағытында маңызды жұмыстар атқарылды.

Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы үндітану бөлімі ұжымының атынан С.Веди мырзаға дипломатиялық қызмет жолында абыройы арта беруіне тілектестік білдіреміз.

Бота БОКУЛЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті м.а.



Егер адам өмірінің мақсаты бақытқа – ең жоғары кемелдікке жету болса, онда ол қабілетіне сәйкес соған жетуіне көмегі тиетін нәрсенің бәрін алуы тиіс.

Жаратылыстану –

ӘЛЕМНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫН АШАТЫН ҒЫЛЫМ



Алматы қаласы білім басқармасының №148 мектеп-гимназиясында Жаратылыстану ғылыми пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Цифрлық әлемге – кемел біліммен» атты онкүндік аясында «Ұлағатты ұя – ғылым арқылы парасатты қоғамға жол ашар бағыт» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Ғылыми-танымдық іс-шараның мақсаты – жас ұрпаққа білім мен ғылымның маңызын айқындап, мектеп оқушыларының зияткерлік қабілетін дамытуға ынталандыру.

Аталған мектептегі ғылымтанымдық іс-шараға ҚазҰУ-дың Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры, педагогика ғылымының докторы, химия ғылымының кандидаты Қ.Бекішев, Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті, химия ғылымының кандидаты А.Ниязбаева және География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы, география ғылымының кандидаты Ө.Жапарқызы және осы кафедраның аға оқытушысы, жаратылыстану магистрі Е.Шайқыслан, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Биология кафедрасының аға оқытушысы, биология ғылымының кандидаты Д.Құлжанова, Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор Б.Ерженбек қатысты.

Кездесу барысында ғылыми зерттеумен айналысып жүрген түрлі сынып оқушыларының ғылыми жобалары қатысушылар назарына ұсынылды. Атап айтсақ, 11-сынып оқушылары Ө.Мұратханқызы, Д.Досжан «Алматының экологиялық мәселелері», жетекшілері (география пәні мұғалімдері М.Есімова, А.Онланбекова), 7-сынып оқушылары Ө.Тілеухан,

Т.Молдасан, «Теңіз балдырлары – пластикке балама, экологиялық таза пакеттер», (биология пәні мұғалімі Р.Балқыбекова), 11-сынып оқушысы Ж.Жетыбай, 10-сынып оқушысы А.Сабыралы, «Экологиялық проблемаларды шешуде поликарбон қышқылының гидрогельді металл иондарымен сорбциясын зерттеу», (химия пәні мұғалімдері С.Тәлен және Ж.Атақұлова), 9-сынып оқушылары Б.Бауыржан, А.Тұрсынбай, «Күн коллекторының көмегімен жылу жүйесін жобалау», (физика пәні мұғалімдері Г.Арипбаева, Б.Нұрғалиева, Г.Алпамысова) сынды ғылыми жоба ұсынды. Жалпы, оқушылардың тақырыптары өте өзекті және таңдап алған тақырыптарына деген айрықша қызығушылығымен ерекшеленді.

Сонымен қатар оқушылар арасынан қазіргі кездегі жаратылыстану ғылымдарындағы өзекті мәселелер жайлы өздерін қызықтырып жүрген тақырыптар бойынша сұрақтарын қонақтарға қойып, ғалым-ұстаздар тарапынан мол кешенді мәліметтер алды. Кездесу аясында мектептің талантты оқушылары ән айтып, би билеп, ерекше көңіл күй сыйлады.

Өкетай САҒЫМБАЙ,
Ерқасым ШАЙҚЫСЛАН



жетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды ынталандыру мақсатында түрлі қаржылай стипендиялар табыстады.

Санджай Веди мырза 2022 жылы Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы үндітану бөлімінің профессорын ICCR бағдарламасы аясында Үндістан Республикасының мұрағаттарында ғылыми зерттеулер жүргізу үшін іссапар



ласқан Махатма Ганди атындағы Халықаралық хинди университетіне, Агра және Дели қалаларындағы Хинди тілі институтына үндітану бөлімінің үш оқытушысының сапарын ұйымдастыруға белсенді түрде атсалысып, мәдени алмасу мен білім беру саласында ынтымақтастықты арттыруға өз үлесін қосты.

Ол сондай-ақ 2024 жылдың 13-14 наурызында Қазақстанда алғаш рет хинди

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.